

---

**ЖАҢА БАСЫЛЫМДАР**  
**НОВЫЕ ИЗДАНИЯ**  
**SECTION NEW PUBLICATIONS**

---

**Е.М. БЕКБОСЫНОВА**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., Қазақстан

**ҒЫЛЫМДА ҚҰЛАШЫН КЕҢ СЕРМЕГЕН ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ**

Жуырда С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Мәңгілік ел» – Қазақстан білімі мен ғылымын жаңғыртудың уәждемесі» атты «Аманжолов оқулары-2014» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті. Конференция аясында бірнеше келелі мәселелер тиісті дәрежеде жап-жақты да жүйелі түрде қаралды, соның ішінде «Сәрсен Аманжолов және терминшығармашылықтың кейбір мәселелері» атты іргелі зерттеудің тұсаукесер рәсімі өтті.

Монография екі мазмұнды бөлімнен, он төрт қазақша-орысша салалық сөздікшелерден және жаңа, тың мәлімет қамтылған жеті қосымшадан тұрады.

**УЧЁНЫЙ С УНИВЕРСАЛЬНЫМИ ЗНАНИЯМИ**

В работе сообщается, что в рамках Международной конференции «Аманжоловские чтения-2014» в Восточно-Казахстанском государственном университете имени С. Аманжолова прошла презентация монографии профессора ВКГУ Ф.Р. Ахметжановой «Сарсен Аманжолов и некоторые проблемы терминотворчества».

Исследование состоит из двух содержательных частей, посвящённых научной и общественно-педагогической деятельности Сарсена Аманжолова.

Кроме этого монография содержит семь приложений, в которых систематизирована новая, ранее не опубликованная информация.

**SCIENTIST WITH UNIVERSAL KNOWLEDGE**

In the work reported that at the international conference «Amanzholov readings -2014» was a presentation of the monograph of Professor of EKSU F.R. Akhmetzhanova «Sarsen Amanzholov and some problems of termscreating» in East Kazakhstan state university named S. Amanzholov. The study consists of two parts devoted to the scientific content of public educational activities Sarsen Amanzholov. Besides, the monograph contains applications, which

has systematized new, unpublished information.

Key words: presentation of the monograph; problems of terms creating; content of public; definition of terminus; systematized a new, unpublished information.

Еңбек «Бір үзік сыр» атты аңдағумен басталып, «Беташар хақында» деген кіріспемен жалғасады.

«Сәрсен Аманжолов және тіл білімінің ғылыми-теориялық мәселелері» атты бірінші бөлімде жалпы тіл ғылымы жөнінде, Сәрсен Аманжоловтың ұстаздық қызметі мен қазақ мектептеріне арналған еңбектері, ғылыми-ұйымдастырушылық зертханасы; Сәрсен Аманжолов – қазақ диалектологиясы мен тарихының зерттеушісі және оның терминшығармашылыққа байланысты ұстанымдары мәселелері жүйелі түрде қарастырылған.

Екінші бөлім бүгінгі таңда түрлі пікір туғызып жүрген терминтану мәселесіне арналған. Сәрсен Аманжоловтың терминшығармашылыққа байланысты негізгі ұстанымдарын ала отырып, автор ХХІ ғасырдағы жаңадан терминді жасау әрекетін түбегейлі де жан-жақты қарастырған. «Термин» лексемасының дефинициясын объективті түрде дәлелдеу мақсатымен автор жиырмаға жуық түрлі дәрежедегі зерттеулердің анықтамасын келтіреді де, С. Аманжоловтың ойын құптайды: «Термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағынасы болуы керек. Екіұшты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды. Термин сөздер – жай сөз емес, ерекше құнды, мағынасы айқын, әрі терең асыл сөз».

«Терминдену ұғымы жайында» атты тармақшада автор «термин жасау тарихы тіл тарихына сіңісіп кеткен» дей келе, «термин пайда болу үшін, ең алдымен, белгілі бір терминдер жүйесінде орны нақтыланған ұғым болуы тиіс. Яғни сол ұғымды өзге ұғымдардан ажырататын оның өзіне ғана тән айрықша белгілері мен қасиеттерінің анықталуы қажет» деп көрсетеді.

Зерттеуде жылдар бойы жинақталған мол дәлелді де жүйелі мысалдар негізінде терминдердің түрлі дәрежедегі қосымшалар арқылы бірігу, сөз қосу, қосарлау, тіркестіру, қысқарту, калькалау арқылы жасалатыны сипатталған.

Лексика-семантикалық амалмен жасалған терминдердің бірнеше ғылым саласында қолданылатындығы көрсетілген (қараңыз: 93-94 бб.).

-Ым (-ім, -м) қосымшалы туындылардың ғылым салаларындағы қолданысы жөніндегі ғылыми-теориялық пайымдаулар еңбектің 99-111-бб. аралығында орын алса, 112-беттен бастап дәлел ретінде он төрт қазақша-орысша салалық сөздікшелер берілген. Оның ішінде «Тілтаным және әдебиет саласы», «Экономика және қаржы саласы», «Статистика, стандарттау және патенттану саласы», «Информатика және есептеуіш техника саласы», «Жалпы техника және полиграфия саласы» т.б.

Осыдан басқа «Сәрсен Аманжоловтың жарық көрген кейбір еңбектері», «Сәрсен Аманжоловтың перзенті Алтай Аманжоловтың әкесі туралы жазған еңбектері», «Сәрсен Аманжоловтың ғылыми мұрасын зерттеу нәтижесінде жарық көрген еңбектер», «Ресми ақпараттар мен жеке мақалалар», «-ым (-ім, -м) қосымшалы туындылар», «Фотоқұжаттар мен фотосуреттер» атты қосымшалар жүйелі түрде ұсынылған.

Монография С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасында жарық көрді. Оның авторы – ф.ғ.к., ШҚМУ профессоры Ф.Р. Ахметжанова.

Қалай атасақ та, «Сәрсентану» бола ма, «Аманжоловтану» бола ма, қалыптасып келе жатқан жаңа, берері мол ғылыми-теориялық ілімге аталған құнды зерттеудің қосқан үлесі, сөзсіз зор.